Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№32 жалпы білім беретін мектеп" КММ

Арыз беруші:
ЖК «МЕЙІРМАН НАЗИРА ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ»
Форт-Шевченко қаласы,
Жаңа Кетік көшесі, 17 / А үй
Директор Н.Мейрман
Тел: +7 701 466 6275

Ұйымдастырушы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№32 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жариялаған тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алудың № 14278987-1 конкурстың 12.09.2025 жылғы № 15808973 қорытынды хаттамасымен келіспейтіндігімізді хабарлаймыз. Атап айтқанда, комиссия мүшелерімен ЖК «Шакенова» жұмыс өтіліне 5 бал негізсіз қойылған.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының (***әрі қарай – Қағида***) жеткізушіні таңдау өлшемшарттарына сәйкес, конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы:

орта мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, осы шарттардың орындаудың әрбір айы үшін көрсетілген қызметтер актілерімен және шот-фактуралармен, мемлекеттік заңды тұлғалардың асханаларын мүліктік жалдау (жалға беру) шарттарының көшірмелерімен расталады.

Алайда ДК «Шакенова К.» конкурстық өтінімінде көрсетілген қызметтерді растау үшін ұсынылған шот фактуралар мен актілердің мерзімдері шартқа сай келмеу фактісі бар. Мәселен 2022 жылғы ақпан айына шот-фактура күні 15.02.22, ал акт 16.03.22 жылмен кейін берілген. Соған ұқсас 2021 жылғы желтоқсан айына да шот-фактура 09.12.21 берілсе, акті 31.12.21 күнімен кейін берілген.

Жоғарыда баяндалған негізінде, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алудың №14278987-1 конкурс қорытындысын қайта қарап, тиісті іс-шара қолдануларыңызды сұраймыз.

Директор **Н. Мейрман**